	1.																			
	2.																			
																			
5	5-кезек бойынша жиынтығы																			
	6-кезек:																			
	1.																			
	2.																			
																			
6	6-кезек бойынша жиынтығы																			
	7-кезек:																			

1.																			
2.																			
.....																			
7	7-кезек бойынша жйынтығы																		
8-кезек:																			
1.																			
2.																			
.....																			
8	8-кезек бойынша жйынтығы																		
Барл- ығы:	1+2+3+4+5+6+ 7+8																		

/Аралық тарату балансына енгізілген кредиторлар талаптары тізілімінің соңғы парағы/

Осы кредиторлар талаптарының тізілімінде _____ парақ нөмірленген және тігілген

Ескерту: таратылатын банктің филиалдары бөлігінде толтырылады.

Тарату комиссиясының

Төрағасы

(қолы)

Бас бухгалтер

(қолы)

Орындаушы

(қолы)

Телефоны

Мөр орны

Нысан

**Тарату процесінің басындағы баланспен салыстырғанда
_____ аралық тарату балансы деректерінің ауытқушылықтары туралы мәліметтер**
таратылатын банктің атауы

р/с №	Баланс бабаның атауы	Баланстық шот нөмірі	Тарату басталғандағы сума		Аралық тарату балансының сомасы		Аралық тарату балансымен салыстырғанда Тарату басталғандағы баланс сомасының ауытқуы	Ауытқуды растайтын бастапқы құжаттар	Ауытқу себептері
			баланс бойынша	айналым- сальдо ведомосі бойынша	баланс бойынша	айналым- сальдо ведомосі бойынша			
1	2	3	4	5	6	7	8 (6-баған - 4-баған)	9	10
Барлығы									

мың теңгемен

Тарату комиссиясының

Төрағасы

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) _____
(қолы)

Бас бухгалтер

Орындаушы

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) _____
(қолы)

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) _____
(қолы)

Телефоны

Мөр орны

Қазақстан Республикасының
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 2012 жылғы 24 желтоқсандағы
 № 375 қаулысына
 28-қосымша

Нысан

«Бекітілді»

_____ (қолы)

20 __ жылғы «__» _____
 Мөр орны

таратылатын банктің атауы _____ аралық тарату балансына енгізілген кредиторлар талаптарының тізіліміне
 өзгерістер және (немесе) толықтырулар (құжатты бекіткен органның атауы және
 оны бекіту күні)

р/с №	Кредиторлардың атауы (кезектілік тәртібімен)	Алдыңғы бекітілген кредиторлар талаптарының тізіліміне сәйкес сома				Өзгертуге не толықтыруға жатаатын талаптар өзгерістер не толықтырулар ескерілген сома				баланстық шот нөмірі
		ұлттық валютада (теңгемен)		шетел валютасында		ұлттық валютада (теңгемен)		шетел валютасында		
		АҚШ доллары	еуро	ресей рублі	өзге шетел валютасы	АҚШ доллары	еуро	ресей рублі	өзге шетел валютасы	
1	2	3	4	5	6	7	8			
	1-кезек:									
1	1-кезек бойынша жиынтығы									
	2-кезек, оның ішінде:									
	1. Еңбекақы төлеу бойынша									

кестенің жалғасы

Ұлттық валютада (теңгемен)	Пайда болған айырма (6 немесе 7-баған - 3 немесе 4-баған)				өзгерістер/ толықтырулар енгізу негіздемесі (оның ішінде құжаттардың атаулары)	Кредиторға оның талабының танылғаны туралы жіберілген жауаптың күні мен нөмірі	Ескерту
	АҚШ доллары	еуро	ресей рублі	өзге шетел валютасы			
9		10			11	12	13

Аралық тарату балансына енгізілген кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер мен толықтырулардың соңғы парағы/

Осы кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгеріс пен толықтыруда _____ парақ нөмірленген және тігілген

Тарату комиссиясының

Төрағасы

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты)

(қолы)

Бас бухгалтер

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты)

(қолы)

Орындаушы

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты)

(қолы)

Телефоны

Мөр орны

Нысан

«Бекітілді»

«Келісілді»

20__ жылғы «__» _____ № _____
 20__ жылғы «__» _____ № _____

Мөр орны _____ жағдай бойынша **тарату балансы**
 таратылатын банктің толық атауы _____

теңгемен

p/c №	Жол атауы	Сомасы
1	Жарғылық капитал, оның ішінде:	
1.1	жай акциялар	
1.2	артықшылық берілген акциялар	
2	Өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы (өтелмеген шығыны)	
3	Бөлінбеген пайда (өтелмеген шығын)	

Ескерту: Ерікті түрде таратылатын банктің тарату балансы толтырылған кезде «келісілді» бағаны толтырылмайды.

Тарату комиссиясының
 Төрағасы _____ (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) _____ (қолы)

Бас бухгалтер
 _____ (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) _____ (қолы)

Орындаушы
 _____ (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) _____ (қолы)

Телефон _____

Мөр орны _____

*Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесі*

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде» 2001 жылғы 28 қазандағы № 419 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1698 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 1698 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2001 жылғы 28 қазандағы № 419 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2004 жылғы 16 ақпандағы № 40 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2777 тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде» 2001 жылғы 28 қазандағы № 419 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 39 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4137 тіркелген).

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде» 2001 жылғы 28 қазандағы № 419 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2007 жылғы 28 мамырдағы № 147 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4774 тіркелген).

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде» 2001 жылы 28 қазандағы № 419 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 30 қарашадағы № 251 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5074 тіркелген).

6. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде» 2001 жылғы 28 қазандағы № 419 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 29 қазандағы № 156 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5399 тіркелген).

Тарату комиссияларының Қазақстан Республикасында таратылатын банктердің есептері мен қосымша ақпаратының нысандарын толтыруы, оларды ұсыну мерзімдері және кезеңділігі жөніндегі нұсқаулық

Осы Тарату комиссияларының Қазақстан Республикасында таратылатын банктердің есептері мен қосымша ақпаратының нысандарын толтыруы, оларды ұсыну мерзімдері және кезеңділігі жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі – Банктер туралы заң), «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және тарату комиссияларының сот шешімі бойынша, оның ішінде банкроттық негізде және ерікті тәртіппен Қазақстан Республикасында таратылатын банктердің есептері мен қосымша ақпаратының нысандарын толтыру рәсімін, оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі – Комитет) ұсыну мерзімдерін және кезеңділігін белгілейді.

Таратылатын банктердің есептері болып мынадай есептер түсініледі:

- 1) бір күнде орындалған жұмыс туралы есеп (күн сайынғы есеп);
- 2) бір айда орындалған жұмыс туралы есеп (ай сайынғы есеп);
- 3) бірінші жарты жылдықта орындалған жұмыс туралы есеп (бірінші жарты жылдық үшін есеп);
- 4) бір жылда орындалған жұмыс туралы есеп (жылдық есеп);
- 5) аралық тарату балансы;
- 6) тарату туралы есеп;
- 7) тарату балансы.

1. Банктің тарату комиссиясының бір күнде (күн сайынғы есеп) және бір айда (ай сайынғы есеп) орындаған жұмысы туралы есебі

1. Банктің тарату комиссиясының орындаған жұмысы туралы күн сайынғы есебі мынадай мәліметтер қамтылатын банктегі тарату процесінің жағдайы туралы ақпарат түрінде ұсынылады:

1) дауларды алдын ала сотқа дейін шешу және (немесе) талап қою бойынша іс жүргізу шеңберіндегі жұмыс;

2) банктің мүлкін сату;

3) тарату комиссиясы қызметінің негізгі бағыттары бойынша оның қызметіне байланысты қосымша ақпарат.

2. Күн сайынғы есеп Комитетке ағымдағы жұмыс күні Астана қаласының уақытымен сағат 18.00-ден кешіктірмей факсимильдік не электрондық байланыс арқылы ұсынылады.

3. Банктің тарату комиссиясының орындаған жұмысы туралы ай сайынғы есебінде мыналар қамтылады:

1) таратылатын банктің есепті күнгі балансы;

2) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің есепті күнгі жағдай бойынша баланстан тыс шоттары бойынша есеп;

3) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің есепті күнгі активтерінің жағдайы туралы есеп;

4) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің есепті күнгі міндеттемелерінің жағдайы туралы есеп;

5) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің есепті кезеңдегі теңдедегі ағымдағы шоты бойынша ақша қозғалысы туралы есеп;

6) осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің есепті кезеңдегі шетел валютасындағы ағымдағы шоты бойынша ақша қозғалысы туралы есеп;

7) осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің есепті кезеңдегі касса бойынша теңгемен ақша қозғалысы туралы есеп;

8) осы қаулының 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің есепті кезеңдегі касса бойынша шетел валютасымен ақша қозғалысы туралы есеп;

9) осы қаулының 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің есепті күнгі жағдай бойынша дебиторлық берешегінің жағдайы туралы есеп;

10) осы қаулының 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің есепті күнгі кепіл мүлкінің жағдайы туралы есеп;

11) осы қаулының 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің есепті күнгі меншікті мүлкінің жағдайы туралы есеп;

12) осы қаулының 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған банктің тарату комиссиясы есепті кезеңде тарату ісіне жұмсаған шығыстары туралы есеп;

13) осы қаулының 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған банктің тарату комиссиясы жалға беретін мүлкі туралы есеп;

14) осы қаулының 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған тарату комиссиясы қызметкерлерінің саны туралы есеп;

15) осы қаулының 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілмеген кредиторларының шағымдарды (өтініштерді) білдіру үшін белгіленген мерзім өткен соң мәлімделген талаптарын есепке алу журналы.

4. Ай сайынғы есепке мынадай ақпарат қамтылатын есепті кезеңде банктегі тарату барысының жағдайы туралы түсіндірме жазба қоса беріледі:

1) өзгеріс себептері көрсетіле отырып, банктің активтері мен міндеттемелері бойынша өзгерістер туралы;

2) дауларды алдын ала сотқа дейін шешу және (немесе) талап қою ісі шеңберіндегі жұмыс сипаты;

3) тарату комиссиясының банк мүлкімен жұмысы туралы;

4) тарату комиссиясының кредиторлармен және банктің ағымдағы берешегі бойынша жұмысының сипаты;

5) тарату ісіне шығыстар туралы;

6) банктің тарату ісін аяқтаудың негізгі проблемалары мен перспективалары туралы.

5. Есепті айдан кейінгі айдың 1-күні (бірінші) ай сайынғы есеп үшін есепті күн болып табылады.

6. Алдыңғы айлық есепті күні ай сайынғы есеп үшін алдыңғы есепті күн болып табылады.

7. Комитетке қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша айлары үшін ай сайынғы есеп мынадай мерзімдерде:

1) таратылатын банктің филиалдары болмаған жағдайда – есепті айдан кейінгі айдың 6-күнінен (алтыншы) кешіктірілмей;

2) таратылатын банктің оқшауланған бөлімшелері (филиалдары, өкілдіктері) болған жағдайда – есепті айдан кейінгі айдың 8-күнінен (сегізінші) кешіктірілмей ұсынылады.

8. Банктің тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда осы қаулының 4, 5, 6, 7, 13-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша жасалған ай сайынғы есептер тарату комиссиясының бас офисі мен оның бөлімшелері бойынша деректер ескеріле отырып ұсынылады.

2. Банктің тарату комиссиясының бірінші жарты жылдықта орындаған жұмысы туралы есебі

9. Бірінші жарты жылдық есебінде (бұдан әрі – жарты жылдық есеп) мыналар қамтылады:

1) Нұсқаулықтың 3-тармағында көзделген құжаттар (маусым айындағы деректерді көрсете отырып);

2) осы қаулының 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің есепті күнгі жағдай бойынша дебиторлық берешегін өндіріп алу туралы есеп;

3) осы қаулының 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің есепті күнгі кепіл мүлкінің жағдайы туралы есеп;

4) осы қаулының 17-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған есепті күнгі жағдай бойынша

таратылатын банк дебиторларының жоғалған құжаттары бойынша есеп;

5) осы қаулының 18-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған есепті күнгі жағдай бойынша таратылатын банктің басшы қызметкерлеріне, борышкерлеріне, тарату комиссиясының төрағасына, мүшелеріне немесе қызметкерлеріне қатысты қозғалған қылмыстық істер туралы есеп.

10. Жарты жылдық есепке Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген, сондай-ақ таратылатын банк дебиторлары құжаттарының жоғалуына байланысты жүргізілген іс-шаралар және таратылатын банктің кепіл мүлкімен жұмыс туралы ақпарат қамтылатын түсіндірме жазба қоса беріледі.

11. Жарты жылдық есептің есепті күні жылдың 1 (бірінші) шілдесі болып табылады.

12. Жарты жылдық есеп Комитетке мынадай мерзімдерде:

1) таратылатын банктің оқшауланған бөлімшелері (филиалдары, өкілдіктері) болмаған жағдайда – 6 (алтыншы) шілдеден кешіктірілмей;

2) таратылатын банктің оқшауланған бөлімшелері (филиалдары, өкілдіктері) болған жағдайда – 8 (сегізінші) шілдеден кешіктірілмей ұсынылады.

Банктің тарату комиссиясының екінші жарты жылдықта орындаған жұмысы туралы есебі Комитетке ұсынылмайды.

13. Банктің тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда осы қаулының 4, 5, 6, 7, 13, 15, 16, 17, 18-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша жасалған бірінші жарты жылдықтағы есептер тарату комиссиясының бас офісі мен оның бөлімшелері бойынша деректер ескеріле отырып ұсынылады.

3. Банктің тарату комиссиясының бір жылда орындаған жұмысы туралы есебі (жылдық есеп)

14. Банктің тарату комиссиясының орындаған жұмысы туралы жылдық есебінде мыналар қамтылады:

1) Нұсқаулықтың 3-тармағында көзделген құжаттар, олардың ішінде:

Осы қаулының 2, 3, 10-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша жасалған есептер желтоқсан айына бөлек және күнтізбелік жылға бөлек жасалады;

осы қаулының 4, 5, 6, 7, 11-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша жасалған есептер желтоқсан айына және бір жылғы қорытынды деректер қорытыла отырып жасалады;

осы қаулының 1, 8, 9, 12, 13-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша жасалған есептер бір жылғы қорытынды деректер қорытылмай-ақ желтоқсан айына жасалады;

2) осы қаулының 14, 15, 16, 17, 18-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша жасалған есептер.

15. Жылдық есепке Нұсқаулықтың 4, 10-тармақтарында көзделген ақпарат қамтылатын есепті кезеңде банктегі тарату барысының жағдайы туралы түсіндірме жазба қоса беріледі.

16. Есепті жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) қаңтары жылдық есеп үшін есепті күн болып табылады.

17. Алдыңғы жылдық есептің есепті күні жылдық есеп үшін алдыңғы есепті күн болып табылады.

18. Жылдық есеп Комитетке мынадай мерзімдерде:

1) таратылатын банктің оқшауланған бөлімшелері (филиалдары, өкілдіктері) болмаған жағдайда – есепті жылдан кейінгі жылдың 25 (жиырма бесінші) қаңтарынан кешіктірілмей;

2) таратылатын банктің оқшауланған бөлімшелері (филиалдары, өкілдіктері) болған жағдайда – есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) қаңтарынан кешіктірілмей ұсынылады.

19. Банктің тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда осы қаулының 4, 5, 6, 7, 13, 15, 16, 17, 18-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша жасалған жылдық есептер тарату комиссиясының бас офісі мен оның бөлімшелері бойынша деректер ескеріле отырып ұсынылады.

4. Аралық тарату балансы

20. Банк кредиторлары шағым-талаптар (өтініштер) беру үшін белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы бір айлық мерзімде аралық тарату балансын жасау үшін белгіленген мерзімнің аяқталу күніне таратылатын банктің аралық тарату балансын жасайды. Тарату комиссиясы таратылатын банктің аралық тарату балансын жасау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Комитетке ұсынады.

21. Тарату комиссиясы таратылатын банктің аралық тарату балансын осы қаулының 19-қосымшасына сәйкес нысан бойынша екі данада жасайды.

Таратылатын банктің аралық тарату балансы нөмірленеді, тігіледі және таратылатын банктің мөрімен бекітіледі.

22. Таратылатын банктің аралық тарату балансы мынадай құжаттар негізінде жасалады:

- 1) баланс шоттарына жеке шоттар, банктің талдау және синтетикалық есебінің тіркелімдері;
- 2) банктің бухгалтерлік және заң құжаттарын, активтері мен міндеттемелерін түгендеу актілері;
- 3) тарату процесінің басындағы банктің балансы;
- 4) тарату процесінің басындағы барлық баланс шоттарының талдамалары;
- 5) тарату процесінің басындағы банктің баланстан тыс шоттары бойынша деректер;
- 6) осы қаулының 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған тарату процесінің басындағы таратылатын банк кредиторларының тізімі;

7) осы қаулының 21-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған, нөмірленген, тігілген және таратылатын банктің мөрімен бекітілген таратылатын банктің кредиторлары мәлімдеген шағымдарды (өтініштерді) есепке алу журналы;

8) осы қаулының 22-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған, нөмірленген, тігілген және таратылатын банктің мөрімен бекітілген таратылатын банктің талап етілмеген кредиторлық берешегін есепке алу журналы;

9) осы қаулының 23-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған, нөмірленген, тігілген және таратылатын банктің мөрімен бекітілген таратылатын банктің меншікті мүлкін есепке алу журналы;

10) осы қаулының 24-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған, нөмірленген, тігілген және таратылатын банктің мөрімен бекітілген таратылатын банктің дебиторлық берешегін есепке алу журналы.

23. Таратылатын банктің аралық тарату балансына мынадай есептер мен құжаттар қоса беріледі:

1) банктің бухгалтерлік және заңдық құжаттарын, активтері мен міндеттемелерін түгендеу актілерінің көшірмелері бір данада;

2) тарату процесі басталғандағы банк балансының түпнұсқасы;

3) тарату процесі басталғандағы барлық баланстық шоттар талдамаларының түпнұсқалары;

4) банкті тарату процесі басталғандағы баланстан тыс шоттар бойынша деректердің түпнұсқалары;

5) тарату процесі басталғандағы таратылатын банк кредиторларының тізімі түпнұсқада және көшірмеде бір данада;

6) таратылатын банктің кредиторлары мәлімдеген шағымдарды (өтініштерді) есепке алу журналы түпнұсқада және көшірмеде бір данада;

7) таратылатын банктің талап етілмеген кредиторлық берешегін есепке алу журналы түпнұсқада және көшірмеде бір данада;

8) таратылатын банктің меншікті мүлкін есепке алу журналы түпнұсқада және көшірмеде бір данада;

9) таратылатын банктің дебиторлық берешегін есепке алу журналы түпнұсқада және көшірмеде бір данада.

10) тарату басталғаннан бастап аралық тарату балансын жасау күніне дейін қоса алған кезеңдегі банктің аралық тарату балансына айналым-сальдо ведомосі;

11) осы қаулының 25-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің баланстан тыс шоттары бойынша есеп;

12) осы қаулының 26-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған таратылатын банктің аралық тарату балансына енгізілген кредиторлар талаптарының тізілімі, екі данада, нөмірленген, тігілген, таратылатын банктің мөрімен бекітілген;

13) осы қаулының 27-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған тарату процесінің басындағы баланспен салыстырғанда таратылатын банктің аралық тарату балансы деректерінің ауытқушылықтары туралы мәліметтер;

14) мынадай ақпарат қамтылатын түсіндірме жазба:

мәжбүрлеп тарату кезінде – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы № 40 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4181 тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында банктерді мәжбүрлеп тарату ережесінің 19-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 15), 16), 17), 18), 19), 20) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың жүргізілгені туралы немесе ерікті түрде тарату кезінде – Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

4688 тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы № 60 қаулысымен бекітілген Банктерді ерікті тарату ережесінің 12-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 14), 15), 16), 17) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың (бұдан әрі – бірінші кезектегі іс-шаралар) жүргізілгені туралы;

өзгерістер себептері көрсетіле отырып, тарату басталғаннан бастап аралық тарату балансын жасау күніне активтер мен міндеттемелер бойынша өзгерістер туралы;

дебиторлық және кредиторлық берешектің жағдайы туралы;

таратылатын банктің кепіл және меншікті мүлкі туралы;

тарату ісін жүргізуге кедергі келтіретін негізгі проблемалар туралы.

Құжаттардың түпнұсқалары бес жұмыс күні ішінде банктің тарату комиссиясына мәжбүрлеп тарату кезінде – бекітілгеннен кейін, ал ерікті түрде тарату кезінде – Комитет аралық тарату балансын қарағаннан кейін қайтарылуға тиіс.

24. Таратылатын банктің аралық тарату балансы жасалғаннан кейін мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясы оны Нұсқаулықтың 23-тармағында көрсетілген есептіліктің нысандарымен және құжаттармен бірге Комитетке бекіту үшін ұсынады.

25. Таратылатын банктің аралық тарату балансы жасалғаннан кейін ерікті түрде таратылатын банктің тарату комиссиясы оны акционерлердің жалпы жиналысы бекіткенге дейін Нұсқаулықтың 23-тармағында көрсетілген есептіліктің нысандарымен және құжаттармен бірге Комитетке қарау үшін ұсынады.

26. Комитет күнтізбелік отыз күн ішінде таратылатын банктің аралық тарату балансын және банк кредиторлары талаптарының тізілімін бекітеді (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қарайды (ерікті түрде тарату кезінде).

Таратылатын банктің аралық тарату балансы және банк кредиторлары талаптарының тізілімі бекітілгеннен кейін (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қаралғаннан кейін (ерікті түрде тарату кезінде) құжаттардың бір данасы тарату комиссиясына қайтарылуға тиіс, ал екінші данасы Комитетте қалады.

27. Аралық тарату балансы мынадай жағдайларда Комитетпен (банкті мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе банк акционерлерінің жалпы жиналысымен (банкті ерікті түрде тарату кезінде) бекітілуге жатпайды:

1) Нұсқаулықтың 23-тармағында көзделген құжаттар ұсынылмағанда;

2) аралық тарату балансының деректері Нұсқаулықтың 22, 23-тармақтарында көрсетілген құжаттардың деректерімен сәйкес келмегенде.

Аралық тарату балансы бекітілмеген жағдайда Комитет (банкті мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе банк акционерлерінің жалпы жиналысы (банкті ерікті түрде тарату кезінде) анықталған бұзушылықтардың, кемшіліктердің себептерін және оларды жоюдың және Комитетке (банкті мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе банк акционерлерінің жалпы жиналысына (банкті ерікті түрде тарату кезінде) бекіту үшін аралық тарату балансын қайталап ұсынудың мерзімін көрсете отырып, тарату комиссиясын бұл туралы жазбаша хабардар етеді.

Аралық тарату балансын Комитетке (банкті мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе банк акционерлерінің жалпы жиналысына (банкті ерікті түрде тарату кезінде) қайталап ұсыну банктің тарату комиссиясы аралық тарату балансының бекітілмегені туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап бір айдан аспайды.

28. Ерікті түрде таратылатын банктің тарату комиссиясы банк акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен таратылатын банктің аралық тарату балансының көшірмесін есептілік нысандары мен құжаттардың көшірмелерімен бірге оларды алған күннен кейін екі жұмыс күні ішінде Комитетке ұсынады.

29. Мәжбүрлеп немесе ерікті түрде таратылатын банктердің аралық тарату балансына енгізілген банк кредиторлары талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тарату комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы қаулының 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Егер кредиторлар талаптарының тізіліміндегі өзгерістер және (немесе) толықтырулар бекітілген аралық тарату балансында көрсетілген банктің кредиторлары алдындағы міндеттемелерінің өзгеруіне әкеп соқтыратын болса, тарату комиссиясы банктің кредиторлары талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу күніне таратылатын банктің бухгалтерлік балансын жасайды.

30. Тарату комиссиясы Комитетке мынадай құжаттармен бірге бекіту (мәжбүрлеп тарату кезінде)

немесе қарау үшін – банк акционерлерінің жалпы жиналысы (ерікті түрде тарату кезінде) бекіткенге дейін екі данада жасалатын банк кредиторлары талаптарының тізіліміне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды және Нұсқаулықтың 29-тармағына сәйкес жасалған бухгалтерлік балансты ұсынады:

1) олардың негізділігін куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу себептері туралы түсіндірме жазба;

2) таратылатын банктің бухгалтерлік балансы шоттарының талдамасы.

Комитет күнтізбелік он бес күн ішінде банк кредиторлары талаптарының тізіліміне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды бекітеді (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қарайды (ерікті түрде тарату кезінде).

Кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар бекітілгеннен кейін (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қаралғаннан кейін (ерікті түрде тарату кезінде) осы құжаттың бір данасы тарату комиссиясына қайтарылуға тиіс, ал екінші данасы Комитетте қалады.

31. Ерікті түрде таратылатын банктің кредиторлары талаптарының тізіліміне бекітілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың көшірмесі банк акционерлерінің жалпы жиналысы оларды бекіткен күннен кейін екі жұмыс күні ішінде Комитетке назарда ұстау үшін ұсынылады.

5. Тарату туралы есеп

32. Тарату ісі аяқталғаннан кейін:

1) мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясы Комитетпен келісілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде сотқа бекіту үшін тарату туралы есепті ұсынады;

2) ерікті түрде таратылатын банктің тарату комиссиясы Комитет қарағаннан кейін он жұмыс күні ішінде акционерлердің жалпы жиналысына бекіту үшін тарату туралы есеп береді.

Комитет тарату туралы есеп келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде таратылатын банкті тарату туралы есепті келіседі (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қарайды (ерікті түрде тарату кезінде).

33. Мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясы сотқа тарату туралы есепті ұсынғаннан кейін Комитетке ай сайын оның сотта қаралу барысы туралы ақпарат ұсынады.

34. Банкті тарату туралы есеп бір данада Комитетке келісу (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қарау үшін – банк акционерлерінің жалпы жиналысы (ерікті түрде тарату кезінде) бекіткенге дейін ұсынылады және онда мынадай ақпарат қамтылады:

1) банкті тарату туралы шешім қабылданған күн және оны қабылдаған орган туралы;

2) уақытша әкімшілік тағайындалғаны (банкті мәжбүрлеп тарату кезінде) және тарату комиссиясы құрылғаны, тарату комиссиясы құрамының өзгергені туралы;

3) бірінші кезектегі іс-шаралардың орындалуы, оның ішінде орталық әділет органының баспасөз басылымдарында банкті тарату туралы хабарландырулардың жариялануы, аралық тарату балансы мен банк кредиторлары тізілімінің жасалуы және бекітілуі туралы;

4) банк кредиторлары комитетінің құрылуы, бекітілуі және жұмыс істеуі туралы;

5) банктің тарату процесі басталған кездегі активтерінің жағдайы туралы;

6) банктің борышкерлерінен дебиторлық берешекті өндіріп алу бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы;

7) банктің мүлкін сату бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы;

8) ағымдағы шот және касса бойынша ақша қозғалысы, таратылатын банктің ағымдағы шотында ақшаның болмауы туралы;

9) тарату процесі басталған күндегі банктің міндеттемелері туралы;

10) банк кредиторларының алдындағы міндеттемелердің орындалуы туралы.

35. Банкті тарату туралы есепке банктің ісін аяқтау іс-шараларын тарату комиссиясының жүргізгенін растайтын құжаттардың көшірмелері бір данада қоса беріледі.

36. Тарату туралы есеп келісілгеннен кейін (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қаралғаннан кейін (ерікті түрде тарату кезінде) бес жұмыс күні ішінде тарату комиссиясы ұсынған данасы тарату комиссиясына қайтарылады, Комитетте оның көшірмесі қалады.

6. Тарату балансы

37. Таратылатын банктің тарату балансы тарату комиссиясы банктің ісін аяқтау іс-шараларын толық көлемде жүргізгеннен кейін жасалады.

38. Осы қаулының 29-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бір данада жасалған таратылатын банктің тарату балансы Комитетке келісу (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қарау үшін – банк акционерлерінің жалпы жиналысы (ерікті түрде тарату кезінде) бекіткенге дейін ұсынылады.

Комитет күнтізбелік отыз күн ішінде таратылатын банктің тарату балансын келіседі (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қарайды (ерікті түрде тарату кезінде).

Тарату балансы келісілгеннен кейін (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қаралғаннан кейін (ерікті түрде тарату кезінде) бес жұмыс күні ішінде тарату комиссиясы ұсынған данасы тарату комиссиясына қайтарылады, Комитетте оның көшірмесі қалады.

39. Тарату комиссиясы мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату балансын Комитетпен келісілгенінен кейін бес жұмыс күні ішінде сотқа бекіту үшін ұсынады.

40. Тарату комиссиясы ерікті түрде таратылатын банктің тарату балансын Комитет қарағаннан кейін он жұмыс күні ішінде банк акционерлерінің жалпы жиналысына бекіту үшін ұсынады.

41. Мәжбүрлеп және ерікті түрде таратылатын банктің тарату комиссиясы бекітілген тарату туралы есептің және тарату балансының көшірмелерін Комитетке Банктер туралы заңда белгіленген мерзімдерде ұсынады.

